

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Болмасаң да ұқсап бақ»

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.04.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/135917/

Қазақтың Жеранасы талай-талай ұлы тұлғаны өмірге әкелді. Жаугершілік заманда мың өліп, мың тірілген қазақ халқы үшін тарихта есімі қанмен жазылған дарабоз батырлардың орны ерекше. Хакім Абай «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз» деп ғибрат еткен. Ғалым, дана ғана емес, тарихта батыр бейнесімен өшпес із қалдырған ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы. Бүгінгі ұрпаққа үлгі болар асыл қасиеті мол.

Ұлтжанды. Ұлтшыл емес, ұлтжанды. Елін, жерін сүюді, қадірлеп-қастерлеуді бүгінгі жастар «қазақтан басқа текті ел жоқ, қазақтан бөлек мықты халық жоқ» деген кеудемсоқ әрі жаңсақ пікірмен шатастырып жүргені өкінішті. Патриот болу деген ол емес, бұл ауыз жыртатын құр сөзбен емес, іспен дәлелденетін ұғым. Бауыржан Момышұлы Кеңес өкіметі кезінде «-ов», «-ев» деген жалғаумен аяқталатын фамилияға қарсы шығып, өз тегіндегі «Момыш» сөзіне «-ұлы» деген тіркес жалғап жазамын деп, барша билік өкіліне қарсы тұрып, ата тегін қазақша жазу үшін барын салған, ақыры өз дегенін жасаған. Текті деген сөзді тура мағынасында түсінер болсақ, Момышұлын нағыз текті ер дей аламыз. Тектілігіне тағы бір мысалды өзі жазған «Ұшқан ұя» кітабынан алсақ та болады. Бауыржан атамызға әкесі Момыш бала кезінен бастап «Момыштың атасы – Имаш, Имаштың атасы – ...» деп жеті атасын түгел жаттатып, қайталап айтқызып, сұрап отыратын болған. Міне, қаны таза, жаны таза қазақтан осындай батыр ұл туып отыр.

Айбарлы. Тілшілер Бауыржан Момышұлының көзі тірісінде одан сұхбат алуға жүрексінеді екен. Олар: «Ол кісіге жібергенше, мені арыстанның апанына жұмса» дейтін көрінеді. Алайда сондай сұсты, отты көзді, өткір сөзді болса да, іші жылып, жақын тартқан адамына ақтарыла алатын қарапайым қасиеті де болған. Бұл сөзімізге журналист, публицист Әзілхан Нұршайықовқа батырдың берген сұхбаты бір кітапты қамтитын тағылымды ой боп шыққаны айқын дәлел болады.

Көрген-білгенім келер ұрпаққа үлгі болсын деп айтар ойын қағазға түсіріп, кітап етіп шығарып, өшпейтұғын артына нақыл сөз қалдырған жазушылық, ақындық қасиетінің өзі көпке өнеге. Ал өзі жазып үлгермегенін қазақ келіндерінің эталонына айналған – Зейнеп Ахметова (жалғыз ұлы Бақытжан Момышұлының жары) атасының аузынан шыққан орысша айтқан сөзін орысша, қазақша айтқан сөзін қазақша сол күйінше күнделігіне

жазып алып, бізге боямасыз жеткізген. «Менің сөзімді аударамын деп тыраштанбай-ақ қой, қалай айтсам солай жаз» деген де осы қайсар тұлғаның өз сөзі. Келініне айтқан ақыл сөздері бүкіл қазаққа арналғандай естіледі. Ол жерде мынадай мазмұндағы ой айтылады:

- «Алаған қолым берген» демейтін адам болса, одан іргеңді аулақ салуға тырыс;
- Әр нәрсеге таңданып жүріп өткізетін уақытың мен құртатын энергияңды, керісінше, басқа адамды өзің таңдандыруға жұмса.
- Адам басқалар туралы қандай жаман нәрсе ойласа, шынында да сол ойындағы адамдар алдынан шыға береді.
- Жарық дүние есігін ашқанда өзің жылап келіп, өзгелерді қуантасың, сол сияқты өмірден өтерде өзгелер жыласа да, өзің риза болып кететіндей әрекет ет.
- Жақсының жақсылығын айтарда өтірік қосып, бөсіп сөйлеме. Жаманның жамандығын бетіне айтсаң да, істемеген ісін мойнына ілме!
- Пышақ пен қаламның айырмашылығы: қалам салған жара пышақ жарасынан ауыр болады әрі жазылмайды.
- Пайдакүнем достар абыройың артып, атағың аспандаған кезде пайда болатынын айтады. Міне, осы мәндегі қанатты сөздерін еш ұрпақ ұмытпайды әрі мәңгі есінде сақтап, жадында жаңғыртып отырады.

Тағы бір келелі кеңес құрғанда бір кісі Бауыржан Момышұлынан «Шыныңызды айтыңызшы, соғыс болып жатқанда қорықтыңыз ба?» деп сұрайды. Оған қаһарманымыздың берген жауабы мынадай: «Қорықпайтын адам жоқ. Жау алдында қасқайып қарсы тұрғанда қорықпайын десең де қорқасың, алайда жауға жараңды білдірмей, қорқынышыңды жеңе білсең ғана нағыз батырсың».

Қанша жау алдында қасқайып, кеудесін оққа тосқан қаһарман болса да, қарапайым қалпында өмірден өтіп кетті, көп атағы мен марапаты жарық дүниеге қош айтып, о дүниеге аттанғанда ғана берілді. Атақ пен даңқты өз мүддесінен төмен қойып, халқы үшін, елі мен жері үшін қызмет етер нағыз ер осындай болса керек.

Батырдың батыл, сөзге шешен, патриот, қарапайым қасиетін бір шығарманың көлеміне сыйғызу мүмкін емес. Келешек ұрпақ «Ондай болмақ қайда» демей, осы асыл қасиеттерін өз бойына сіңіре білсе, тағы талай өр азамат өмірге келе берері хақ.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2003. – 37 б.
2. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2004. – 320 б.
3. Ахметова З. Шуақты күндер. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2016, – 129 б.